

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 174 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 – бабына сәйкес 2025 жылғы 4 қарашадағы № 23 Әуликөл аудандық жер учаскелерін беру жөніндегі жер комиссиясы отырысының хаттамасы және беру схемасы негізінде осы жер учаскесінің мәліметтері, Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Алюминий Казахстана" АҚ Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Сұлукөл ауылдық округінің аумағында орналасқан, ауданы – 908,5969 гектар жер учаскесіне пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберілсін;

2) Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауданының әкімі

Ж. Таукенов